

Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың арасында қашықтықтан өткізілген «Менің Отаныма 10 игілікті іс» тақырыбындар республикалық акцияның қорытынды есебі

Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың арасында қашықтықтан өткізілген «Менің Отаныма 10 игілікті іс» тақырыбындар республикалық акция балаларға арналған www.ziyatker.kz ғылыми-танымдық сайтта 2014 жылғы 20 ақпан–5 мамыр аралығында өткізілді.

Мақсаты – ақпараттық-коммуникативтік технологиялар арқылы білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру үшін жағдай жасау.

Міндеттері:

балаларды қоғамдық маңызды іске жұмылдыру;

балалардың қоғам үшін маңызды жұмыстарды өз бетімен іздеу дағдыларын қалыптастыру;

жаңа ақпараттық технологияларды насихаттау.

Республикалық акцияға Қазақстан Республикасының өңірлерінен 12 жастан 18 жасқа дейінгі Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылар қатысты. Акцияға жалпы **60** жұмыс түсті, оның ішінде 13 жұмыс акцияның талаптарына сәйкес емес. Акцияға 47 жұмыс жіберілді. Акцияға жіберілген жұмыстардың ішінен:

«Электрондық презентация» номинациясы бойынша

12-14 жастағы орта буын - 17 жұмыс;

15-17 жастағы жоғарғы буын - 18 жұмыс.

«Бейнеролик (бейнеклип)» номинациясы бойынша

12-14 жастағы орта буын - 5 жұмыс;

15-17 жастағы жоғарғы буын - 7 жұмыс.

Әділ қазылар алқасы құрамы Қазақстан Республикасы өңірлерінен сырттай Акцияға қатысқан жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың барлығы 47 жұмыстарды қарады. Акцияға қатысқан жұмыстар төмендегі критерийлер бойынша бағаланды: акцияның мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігі, тақырыптың толық ашылуы, материалдардың жаңашылдығы, түйсіктің сенімділігі мен қол жетімділігі, түпнұсқалығы, жұмыстың бейнелілігі мен ашықтығы, тыныс белгілері және грамматикалық қателердің болмауы, безендіру сапасы.

«Электрондық презентация» номинациясы бойынша жеңімпаздар анықталды.

12-14 жастағы жоғары буын:

I орын – Серікбаева Аида, 14 жаста, Маңғыстау облысы, №6 орта мектеп.

II орын – Умар Аружан, 12 жаста, Солтүстік Қазақстан облысы, «Алабота орта мектебі» КММ.

III орын – Жетыбаев Алмаз, 14 жаста, Павлодар облысы, «Малайсары жалпы білім беретін орта мектеп» ММ.

15-17 жастағы жоғары буын:

ІІІ орын – Қонысбекова Жансая, 16 жаста, Шығыс Қазақстан облысы, «С. Сейфуллин атындағы орта мектеп» КММ.

ІІІ орын – Ахмет Жанерке, 15 жаста, Жамбыл облысы, Үлгілі орта мектебі.

«Бейнеролик (бейнеклип)» номинациясы бойынша

12-14 жастағы орта буын:

ІІІ орын – Матасов Иван, 12 жаста, Ақмола облысы, «№2 орта мектеп» КММ.

Акцияны ұйымдастырушылар және әділ қазылар алқасы Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Маңғыстау, Жамбыл облыстарындағы жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың акцияға жіберген жұмыстарының жоғары деңгейлігін атап өтті.